

**«М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ПЕДАГОГЫНЫҢ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

КББП: САРЫБАЙ ГҮЛЖАЗИРА АХАТҚЫЗЫ

2023 – 2024 оқу жылы

Педагог кәсіптік - бағдар берушінің 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық есебі:

Мектептегі кәсіби бағдар жұмысының мақсаттары:

Мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру. Оқушыларды, ата-аналарды мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- Оқушыларға ақыл-кеңес беріп, кәсіби таңдауларына сәйкес жеке психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, денсаулықтарына байланысты, аймақтағы мамандарға сұраныстың қажеттілігін негізге алып мамандық таңдау жұмыстарын ұйымдастыру;
- Кәсіби білім беру аясында әлеуметтік серіктестікті дамыту;
- Кәсіби білім беруде мекемелерімен бірлесіп бағыт беру алдындағы, кәсіби бағыт беру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Кәсіби бағдар беруді оқу бағдарламасына, оқу-тәрбие үдерісіне енгізу.

«М.Х. Дулати жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің педагог кәсіптік-бағдар беру бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жоспары жасалатын оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұнын, орындалу тәртібі мен мерзімдерін анықтайды.

Барлық жоспарланған іс-шаралар мен атқарылатын жұмыс түрлері бағдарлы оқыту мен кәсіптік бағдар берушінің алға қойған мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға, мектептің әкімшілік басқарылуын жүйелеуге, мамандық дұрыс таңдауға, оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыруға бағытталған.

Жоспарға сәйкес іс-шаралардың барлығы толығымен орындалып, қорытыланды. Нәтижесінде мектеп оқушыларының білім сапасы жақсы дәрежеде болып, әртүрлі деңгейде ұйымдастырылған сайыстар мен олимпиадалар жақсы көрсеткіштер көрсетті.

Оқушыларға қосымша білім беру және пәнге қызығушылықтарын арттыру және болашақта мамандық таңдауға дұрыс жол көрсету мақсатында мектепте қосымша көптеген іс-шаралар өткізілді.

11 сынып оқушыларымен кездесіп, онда оқушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру, кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту мақсатында оқушылардың дара ерешеліктерін зерттеу, мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу, оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу. Аталмыш мектептерде мамандықтар туралы презентациялар көрсетіліп, сауалнама толтыртып, бейнероликтерді де көрсету арқылы оқушылармен түсіндіру жұмыстарын өткізді.

10 сыныптар арасында «Болашақ кәсіпкерлер» туралы ашық сабақ өтті.

Кәсіптің қыр- сырын, кәсіпкерлікті дамыту жолдарын көрсетті. Жүлделі орындар беріліп, үздік кәсіпкер анықталды.



9 сыныптармен «Мен таңдаған мамандық» атты сулулық салоны мен наубайханаға экскурсия жасадық. Онда оқушылар наубайхана мен сұлулық салонының қыр-сыры мен техникаларымен танысты.





Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектебіміздің психолог маманы Есмурзаева Салтанат оқушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, бағыт бағдар берді. Сауалнама арқылы оқушылардың ойлау қабілеті мен жан-жақты түсінігін анықтады. Сауалнамада оқушылар өз пікірлерін ашық жазды және өз армандарына жету жолдарын айқындады. Директордың бейіндік оқу ісі жөніндегі орынбасары Д.Медетбекова және кәсіптік бағдар беруші Г.Сарыбай сауалнамаларды қорытындылай келе алдағы жұмысты жоспарлады



Білім беру мен тәрбие арқылы мектеп жастарды әлеуметтендіріп қана қоймайды, сонымен қатар, жаңа идеялар мен көзқарастарды ұстанатын жастар да өз кезегінде қоғамды өз кезегінде бейімделуге мәжбүрлеп, әлеуметтік жүйені өзгертіп әрі дамытып отыруға ықпал жасайды. Болашақ мамандық тандаудан кейбір жастар адасып жатады. Алдын ала сауалнама

жүргізгенімізде басым бөлігі педагогика және медицина жолын таңдаса, кейбірі өнер жолын жанына серік еткен.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Д.Медетбекова сөз алды. Оқушыларды оқуға баулу және ҰБТ-да кездесетін қиындықтарды жоюға көмектесу жайлы әңгіме қозғады. Сонымен қатар оқушылар арасында кәсіпкерлікке байланысты бірнеше сауалнама қойып, оқушылардың болашақта таңдаған мамандығына деген қызығушылығын, кәсіпкер болуға деген ынтасын бақылады. Жобаға қатысу арқылы не нәрсеге қол жеткізетіні туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, бағыт- бағдар берді. Саналы түрде тағдалған мамандық болашақта әрбір оқушыны жұлдыз болуына әсер етеді. Болашақтағы кәсіби мақсатына дұрыс бағыт алған оқушы бойындағы қабілетін шығармашылықпен дамыта білсе сапалы маман, болашақ жұлдыз шығатыны белгілі.

Сол себепті қазіргі таңда түлектерге ҰБТ-ға үлкен жауапкершілікпен карап, кеңес айту үлкен маңызға ие.

М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Ашық есік» күніне мектебіміздің 11сынып оқушылары қатыстырылды. Аталмыш ЖОО на сапарымыз барысында оқушылар университеттің тыныс –тіршілігімен, студенттік өмірдің қызықтары, оқыту бағдарламалары және университет туралы көптеген ақпараттар алды. Мазалаған сұрақтарға жауаптар берілді.

Мақсаты: Кәсіптік бағдар беру орталығы және Химиялық инженерия және биотехнология жоғары мектебі бітіруші түлектерге білім беру бағдарламаларын, оқу – зертханалық кешендерін таныстыру. Жұмыс орындары, өнеркәсіп жайлы видео ролик көрсетілді , сұрақтарға жауап берді.





Колледждер мен университеттер 9-11 сынып оқушыларын оқуға шақырып, түрлі мамандықтарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.





11 сынып оқушыларына сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде оқушылар арасында ең көп дауыс жинаған мамандық-медицина саласы.

Бүгінгі күннің басты міндеті – оқушыларды нақты мамандық бойынша даярлау, мамандықты дұрыс таңдауға дайын тұлғаны қалыптастыру, ғылыми-техникалық прогресс және бәсекелестік күрес жағдайында кәсіби функциялардың ұтқырлығының мәнін түсіну. Кәсіби бағдар берудің басты мақсаты – оқушыларға оқу профилін таңдау туралы шешім қабылдауға қолдау көрсету. Дұрыс таңдалмаған мамандықтан адамның өзі де зардап шегеді. Әр адам өзін табу керек. Біздің қоғамымыз талантты кәсіби жұмысшыларды, инженерлерді, конструкторларды, педагогтарды және басқа да мамандарды қажет етеді. Мамандық әлемі туралы білім және түсінік жүйесін қалыптастыруда кәсіби бағдар берудің атқаратын қызметі орасан зор.

Кәсіби бағдар жұмысын ұйымдастыру кезінде мектепте сақталатын мынадай қағидаттар бар:

1) Жүйелілік және сабақтастық -тәрбие жұмыс істеумен ғана шектелмейді, тек қана білім алушылармен кездесу. Бұл жұмыс бірінші сыныптан тоғызыншы сыныпқа дейін.

2) Сараланған және жеке көзқарас, білім алушыларға жасына қарай және қалыптасу деңгейіне, олардың мүдделерін, айырмашылықтарды құндылық және өмірлік жоспарлары, оқу үлгеріміне.

3) Ата-аналармен кәсіптік бағдар жұмысының жеке нысандарын оптималды үйлесімі.

4) Мектеп, отбасы, кәсіптік оқу орындарының, жұмыспен қамту қызметтеріне, үкіметтік емес ұйымдардың қарым-қатынасы.

5) Кәсіптік бағдар өмірмен байланысы.

Ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету:

Оқу жылының басында мектептегі үгіт-насихаттық жұмыстар жүргізілуде: мектеп бітіруші сыныптарында

стенд ілулі тұр "Қайда оқуға барасың", мектеп сайтында "Кәсіптік бағдар" бар.

Ата-аналармен жұмыс (заңды өкілдерімен):

Кәсіптік бағдар берудің маңызы ата-аналармен жұмыс болып табылады. Ата-аналар,әдетте балалары өмірі үшін олардың кәсіби жоспарларын анықтау кезінде белсенді қатысады. Сонымен қатар, мамандық таңдаудың жолдарын анықтау, білім беру қиын тапсырманы ұсынады да өздері үшін білім алушылардың және олардың ата-аналарының

(заңды өкілдерінің). Ата-аналар жиналыстарында сынып сағаттарына мектеп бітіруші сыныптарда, жеке консультациялар - сынып жетекшілері қатысты мәселелерді көтереді маңыздылығы туралы дұрыс таңдау одан әрі балалардың білім талаптарын ескере отырып, қазіргі заманғы еңбек нарығы.